

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

2016-2017 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілістерінің ҚАУЛЫЛАРЫ

*Ahmet Yasawi University*

Түркістан – 2016 ж.

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2016-2017 оқу жылындағы**  
**№4 Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілісінің**  
**ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

29 қараша 2016 ж.

Сағат 15:00

Ректорат – Сенат залы Қатысқандар – 22

**Күн тәртібі:**

1. ХҚТУ-дің 2016-2017 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспарын бекіту (Әдістемелік бөлім басшысы – Г.Г.Еркибаева).

2. Факультеттерде көптілді білім беру жүйесімен оқыту жағдайы (Факультет декандары).

3. Әр түрлі мәселелер:

3.1. Оқу курсы бағалау туралы сауалнама өткізу (ОУҰБ әдіскері – Н.Салғараев).

Күн тәртібінің негізгі мәселелері бойынша Оқу-әдістемелік кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша**

**Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.1. ХҚТУ-дің 2016-2017 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспары бекітілсін. Басылымдардың баспаға ұсынуға көрсетілген мерзімінің сақталуы қадағалансын (Әдістемелік бөлім басшысы – Г.Г.Еркибаева).

1.2. 2016-2017 оқу жылына университет ОПК дайындаған оқулық, оқу, оқу-әдістемелік құралдарды бекіту үшін эксперттік комиссия құрамы төмендегідей етіп бекітілсін:

1. Еркибаева Г.Г. - комиссия төрайымы;
2. Чаканова С.Ж. – комиссия мүшесі;
3. Махамбетова Ұ.Р. - комиссия мүшесі;
4. Жунисова М.Б. - комиссия мүшесі;
5. Ибрагимова Э.Қ. - комиссия мүшесі.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:**

**Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2. Факультеттерде көптілді білім беру жүйесі бойынша Юнус Эмре, IELTS, TOEFL Сертификаттарын алу үшін емтихан тапсыратын оқытушы-профессорлар тізімі және емтихан тапсыру мерзімі бекітілсін (Мерзімі: 10.12.2016 ж. дейін. Жауапты: Факультет декандары).

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша:**

**Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3. Оқу курсы бағалау сауалнамасы факультет деканаттары тарапынан 1 курс студенттеріне ұйымдастырылсын және қатысуы қамтамасыз етілсін. Олардың жұмыс жасап тұрған электронды пошталары платонуска енгізілуі топ эдвайзерлерімен қадағалансын (Мерзімі: 02.12.2016 дейін. Жауапты: Факультет декандары)

**Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.**

Хатшы

Г.Примкулова